

Қазақстан Республикасының "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауыл шаруашылығы кооперативтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 105-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауыл шаруашылығы кооперативтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 19 қарашадағы
№ 105-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауыл шаруашылығы кооперативтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Ак­ті­нің ны­са­ны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуіне және енгізілуіне
----------	------------------------------------	-----------------------	---	--------------------	---

					жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2015 жылғы қараша	Е . Б . Көшербаев
2.	Өз мүшелері үшін жұмыстарды (қызметтерді) орындау (көрсету) бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі түрлерінің тізбесін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативі өз мүшелеріне өткізетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ ҰЭМ Қаржымині	2015 жылғы қараша	Е . Б . Көшербаев
3.	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2015 жылғы қараша	Е . Б . Көшербаев
4.	Ауыл шаруашылығы кооперативінің үлгілік жарғысын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2015 жылғы қараша	Е . Б . Көшербаев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі.